

ХАТТАМА

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және жалпы қоғамда қабылданған әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндірмелік іс-шара жүргізу туралы

2025 жылғы 12 желтоқсан
14 сағат 30 минут

Өскемен қаласы

Өткізілген орын: ШҚО, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 59/1, 3-ші қабат, конференц-зал

Төрағалық етуші: «Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) аппарат басшысы – корпоративтік хатшы Р.А. Арыстанбек

Қатысқандар: Қоғам қызметкерлері (тізім бойынша).

Шақырылған тұлғалар:

1. ҚР мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігінің ШҚО бойынша Департаментінің қызметкері Архат Әбжатұлы Бейсембаев;
2. ШҚО әкімі аппаратаның әдеп жөніндегі уәкілі Мира Есенғазықызы Беккужина.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және осы бағыттағы заңнамаларға жасалған өзгерістер туралы.

Баяндамашы: ҚР мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігінің ШҚО бойынша Департаментінің қызметкері Архат Әбжатұлы Бейсембаев.

2. Жалпы қоғамда қабылданған әдеп нормаларын сақтау туралы.

Баяндамашы: ШҚО әкімі аппаратының Мира Есенғазықызы Беккужина.

Жиынды Қоғамның аппарат басшысы – корпоративтік хатшы Р.А. Арыстанбек ашып, Қоғамның ағымдағы жұмыс бағыттары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған іс-шаралар туралы баяндама жасады.

Бұдан әрі, сөз кезегі Төрағалық етушімен А.Ә. Бейсембаевқа берілді.


Өз кезегінде, А.Ә. Бейсембаев қатысушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және осы бағыттағы заңнамаларға жасалған өзгерістер туралы ақпараттармен таныстырды.

Төрағалық етушімен келесі сөз кезегі ШҚО әкімдігі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі М.Е. Беккужинаға берілді.

М.Е. Беккужина өз сөзінде, бекітілген әдеп нормалары тек мемлекеттік қызметшілермен ғана емес, сонымен қатар квазимемлекеттік сектор қызметкерлерімен де сақталуы қажет екендігі туралы атап көрсетті. Сонымен қатар, баяндамашы, соңғы уақыттарда орын алған мемлекеттік қызметшілермен әдеп нормаларын бұзу мысалдарын келтірді.

Жиын соңында баяндамашылар қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

**Аппарат басшысы -
корпоративтік хатшы**



Р. Арыстанбек